


Бірақ сендер дүние тіршілігін артық көресіңдер. (16) Ақырет хайырлы да тұрақты. (17) Негізінен бұл үкімдер, бұрынғы нұсқаларда бар; (18) Ыбырайым, Мұса (F.C.) лардың нұсқаларында. (19)

## 88-ФАШИЯ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма алты аят.  
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.  
(Мұхаммед F.C. әлемді) қаптайтын қияметтің хабары саған келді ме?  
(1) Ол күні, кейбір жүздерді қорку басады. (2) Қатты қиналған шаршаған болады. (3) Жаңып тұрган отқа тасталады. (4) Қайнап тұрган бастаудан ішкізіледі. (5) Олардың ашы, сасық тікеннен басқа ешбір тамағы болмайды. (6) Ол, семіртпейді де аштықты баспайды. (7) Ол күні, кейбір жүздер шаттықта, (8) Фамалдарынан разы, (9) Қетеріңкі бақшада; (10) Ол арада бір бос сез естімейді. (11) Онда аққан бір бұлақ бар. (12) Онда биік дивандар бар. (13) Қойылған көсeler бар. (14) Тізілген жастықтар бар. (15) Төсөлген төсеніштер бар. (16) Олар, түйеге қарамай ма,



۵۱۲

қайтіп жаратылған? (17) Олар, аспанға қарамай ма, қайтіп көтерілген? (18) Олар, тауларға қарамай ма, қайтіп тігілген? (19) Олар, жерге қарамай ма, қайтіп төсөлген? (20) (Мұхаммед F.C.) ал енді насиҳат ет; негізінен сен бір насиҳатшысың. (21) Сен оларды зорлаушы емессің. (22) Бірақ әлде кім бет бұрса, қарсы келсе; (23) Сонда Алла, оны зор азаппен қинайды. (24) Расында олардың қайтар жері Біз жақ. (25) Сосын сез жоқ, Олардың есебі Бізге тән. (26)